ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«Б. МОМЫШҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ

ЖӘНЕ

«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЫНЫП» СЕРІКТЕСТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДАҒЫ
ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ

МЕМОРАНДУМ

Қарағанды қаласы, 2026 жыл

ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Қарағанды қаласы « » _____ *2026* ж.

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ Тарих факультеті (бұдан әрі – Факультет) атынан Жарғы негізінде әрекет етуші факультет деканы Кенжеғали Жарас Мақанұлы бір тараптан, және **Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі** (бұдан әрі – Мектеп) атынан Жарғы негізінде әрекет етуші мектеп директоры Турсунова Салтанат Алданышевна тарабынан, төмендегілер туралы осы Меморандумды (бұдан әрі – Меморандум) жасасты:

1.МЕМОРАНДУМНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН НЫСАНЫ

-1.1. Осы Меморандумның мақсаты – Мектеп қабырғасында «Педагогикалық сынып» (Педсынып) жобасын бірлесіп дамыту, тарих және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы болашақ педагог мамандарды ерте кәсіби бағдарлау.
-1.2. Тараптар білім беру, әдістемелік, ғылыми-тәжірибелік қызмет және мектеп оқушыларын кәсіптік бағдарлау жұмыстарын үйлестіру саласындағы әріптестікті нығайтуға міндеттенеді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТТАРЫ

2.1. Факультеттің міндеттері мен құқықтары:

-Мектептің «Педагогикалық сынып» оқушыларына арналған тарих, археология, этнология және педагогика негіздері бойынша арнайы курстар мен таңдау курстарының бағдарламаларын әзірлеуге әдістемелік көмек көрсету.
-Тарих факультетінің жетекші оқытушылары, профессорлары мен ғалымдарының қатысуымен мектеп оқушыларына арналған дәрістер, шеберлік сыныптарын және семинарлар ұйымдастыру.
-«Педсынып» оқушыларын университет базасында өтетін ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, тарихи квестер мен пәндік олимпиадаларға тарту.

-Мектеп оқушыларының тарих және педагогика бағытындағы ғылыми жобаларына факультет ғалымдары тарапынан жетекшілік немесе кеңесшілік етуді ұйымдастыру.

2.2. МЕКТЕПТІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

-Педагог мамандығына және тарих ғылымына қызығушылық танытатын жоғары сынып (10-11 сынып) оқушыларынан «Педагогикалық сынып» (Педсынып) жасақтау.
-Факультет өкілдерімен бірлесе отырып, «Педсынып» оқушыларының оқу-тәрбие жоспарына кәсіби-педагогикалық бағдар беретін іс-шараларды енгізу.
-Тарих факультеті студенттерінің мектеп базасында педагогикалық және зерттеу практикасынан өтуіне жағдай жасау.
-Университет өткізетін кәсіптік бағдар беру шараларына оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

3. БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТТІҢ ФОРМАЛАРЫ

-3.1. Бірлескен дөңгелек үстелдер, семинарлар, конференциялар мен кәсіби шеберлік байқауларын өткізу.
-3.2. Мектептің тарих пәні мұғалімдерінің біліктілігін арттыру және оларға ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету.
-3.3. Оқушылардың Факультет жанындағы Сарыарқа археологиялық институтына, музейлер мен ғылыми орталықтарға танымдық экскурсияларын ұйымдастыру.

4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

-4.1. Осы Меморандум Тараптардың қаржылық міндеттемелерін тудырмайды. Әрбір нақты бірлесен жоба немесе іс-шара қажеттіліге қарай жеке келісімдермен реттеледі.
-4.2. Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша жазбаша түрде өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.
-4.3. **Осы Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 3 (үш) жыл бойы жарамды болып табылады.** Егер Тараптардың ешқайсысы мерзім аяқталуға 1 ай қалғанда оны тоқтату туралы ниет білдірмесе, Меморандум мерзімі келесі күнтізбелік жылға автоматты түрде ұзартылады.
-4.4. Меморандум бірдей заңды күші бар екі данада қазақ тілінде жасалды (әр Тарапқа бір-бір данадан).

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН ҚОЛДАРЫ

Факультет:	**Мектеп:**
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті» КЕАҚ Тарих факультеті	«Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
Мекенжайы: Қарағанды қ., Гоголь көшесі, 38, №4 ғимарат	Мекенжайы: Қарағанды қ., Ә. Бөкейхан ауданы, «Көгілдір тоғандар» ш/а, 3-ғимарат
Тел: +7 (7212) 51-66-06	Тел: +7 (7212) 25-29-39
Email: tariha@buketov.edu.kz	Email: momyshuly@kargoo.kz
Тарих факультетінің деканы:	Мектеп директоры:
Кенжеғали Ж.М.	Турсунова С.А.
М.О.	М.О.